

2. Көп тапсырмаларды орындау барысында сандар мен жылдарды шатыстырмауға;

3. Қазақ тілін жаңадан меңгеріп жатқан шетелдік тыңдаушыларға қатесіз жазуға көмектесеміз;

4. Сабақты әртүрлі етіп өткізу арқылы тыңдаушыларды жалықтырмаймыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Шетелдік тыңдаушыларға ежелгі Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын кестелер мен тірек сызбалар А., 2015 -3 б.

2. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 58-бет.

3. Қазақстан тарихы: талапкерге арналған оқулық-тест/С.Ш.Талдахметов. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2019-379 бет

### **МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ҰСТАНЫМҒА ТӘРБИЕЛЕУ**

**Жиенбаева М.А.**

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, №206 мектеп-гимназиясы  
тарих пәнінің мұғалімі, сарапшы

«Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық, елжандылық рухқа елді, жерді сүюге, қорғауға жұмылдыру» - деп айқын жол көрсеткендей мектептердегі елжандылықты тарих сабағынан бастауымыз керек.

Қазіргі таңда қазақ халқы ұлттық жаңғыруда, егемен мемлекет ретінде қалыптасқан, өз бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін алға қойған шақта бұл аталған тақырып жан-жақты зерттелініп зерделенуде. Себебі, еліміз егемендік алған, бүгінгі таңда тарихымызды қайта қарап, ондағы бұрмалаулар мен ақтандақтарды зерделеу күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі десем қателеспеген болармын.

Мектептердегі тарих сабағының мәселесін жүйелі түрде зерттеп, мектеп оқушыларына, әрбір Қазақстандық Отансүйгіш жас жеткіншектерге қаншалықты керек екендігін, өмір бойы тарихи танудағы алғашқы сабақтың ерекшелік қасиеттің бай мұра болатындығын, сол негізде тарих пәнінің тарихнамасының дүниежүзілік өркениетке қосатын өзіндік үлесін анықтауға ниеттеліп отыр. Мектептерде тарих сабағын оқытуда оқушыларды елжандылық ұстанымға тәрбиелеуді нысанаға алып отырған мәселесі осы бүгінгі тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Оқушыларға тәрбие беруде әдіс-тәсілдерінің жан-жақты дамуына, мектеп тарихының сабақтастығы мен мұғалімнің тәрбиесіне арналған ұтымды жақтары барын көрсету.

Ел тәуелсіздігін алған жылдардағы арнайы ғылыми зерттеу болып табылатын осы өзекті тақырыптардың бірі. Бүгінгі таңда мектептердегі тарих сабағында оқушыларға елжандылық қасиеттерді, ұстанымды мұғалімнің үйретуі тарихи негіз ретінде қалыптасу керек деп ойлаймын. Бұл мәселе кезек күттірмейтін жұмыс екендігін, қазіргі заманғы заманауи үрдіске сай әрбір талантты ұстаз білуі тиіс деп ойлаймын. Сабақта тарих пәнінің басым жақтарын, өзіндік ерекшелігіне, оның жан-жақты қырлары мен тиімді жақтарына зерттеу еңбектеріне негіз болатын тұжырым жасап, жас жеткіншекке өз басындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруға ынталандыру қажет.

Қазіргі уақытта мектептердегі білім берудің сапалық негізі мен білім берудің қарқынды жаһандану дәуіріндегі жаңа технологиясын айтып жатқан жаңа заманда ұстаздар қауімі өз үлестерін қосып-ақ жатыр. Тәрбие басы-тал бесік деп атамыз қазақ айтқандай, қазіргі қоғамда ақсап бара жатқан тәрбиенің басты жолдарына баса назар аудару керек сияқты. Сондықтан тек ұстаз ғана емес, ата-ана да баласының болашағына аландап, тәрбиесіне көңіл бөлсе, Отансүйгіш, патриот дарынды оқушылардың көбейе түсетіндігіне еш күмәнсіз сенуге болады.

Маған бүгін керек емес ертегі,

Ертегіні балам өзі шертеді.

Тарих керек – іргетасы қазақтың,

Іргетассыз қаланбайды ертеңі- деп Қадыр Мырза әлі айтқандай, ел өмірінің тікелей жалғастырушысы, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы осы болашақ жас ұрпақ.

Ар – намысты қорғауға, Отанға тіреу болуға, адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу, елжандылық рухын көтеру. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс-әрекетке тәрбиелейді. Осы мақсатта туған елінің, жерінің қадір-қасиетін ұғындыру, туған жер тұлғаларына деген құрметтерін арттыру мақсатында мектептердегі тарих сабағын оқытуда оқушыларды елжандылық ұстанымға тәрбиелеу болып отыр. Қазірден бастап олардың санасына «Туған жер» деген ұғымды тереңірек сіңірсе, келешекте олардың арасынан ел жанды тұлғалар қалыптасуына уақтылы үлес қосқанымыз. Туған елінің тарихи тұлғалары мен елдік құндылығын қастерлеуге тәрбиелеу.

Мұғалімнің алдына қойған мақсаты: Оқушыларға туған өлкесінің тарихын, ата – бабаларының асыл мұраларын құрметтеуге және өз жерін кіндік кескен елін құрметтеуге баулу.

- Туған жердің қадір – қасиетін түсіну.
- Өз ой – өрісін ғылыми тұрғыда дамыту.
- Туған өлкенің тарихи деректерін жинақтау, іскерлігін дамыту.
- Ғылыми іскерлігін кеңейту.
- Еңбек пен ізденіске тәрбиелеу.

«Тарихыңды таны – тұлғанды құрметте» дегендей сынып сағаттарын өткізе отырып, №206 мектеп-гимназиясының ел жастары бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар жасалып жатыр.

Қазіргі таңда білім жүйесін дамыту еліміздің әлеуметтік экономикалық даму перспектикасына сәйкес, оның әлемдік білім беру кеңістігіне ерекшеліктерімен енуді талап етеді. Кәсіптік білім беру саласында жаппай интеграциялану үрдістену белең алуда. Сонымен қатар рухани бағыттағы саналы ізденістер – сапалы өзгерістер әкелуде. Талғам түрленген сайын таным түзеліп келеді. Олай дейтініміз бүгінгінің табалдырығын аттағанша ертеңгінің есігі ашылуда... Ал өткенді жандырып, өшкенді жаңғырту әрбір саналы азаматтың абыройлы борышы.

Сондықтан да ата – бабаларымыз табыс етіп қалдырған киелі жерімізбен сәулет салттарымызды жас ұрпақ бойына сіңіру елдігіміз деп білемін. Себебі, сонау сақ дәуірінен Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде туған жер үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күресіп, келешек ұрпағына отанымызды, «қазақ» атауын бізге мұра етіп қалдырған батырлар, билер, хандар заманында хатқа «қазақ патриотизмі» деп жазылмаса да, ауызекі түрде кейде жыр, өлеңмен тараған отансүйгіштік өсиеттердің негізінде бізге жеткен. Демек, «қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіш тәлім-тәрбие беру адамдарының жиынтығы» деп айтуымызға болады. Еліміздің тәуелсіздік алған осындай айқын жолдағы қадамдары халқымызды рухтандырып, саяси сергітіп қана қоймай, өзіміздің өткенімізді танып білуге деген ғаламат құштарлықты, ынтаны жоғарылатты. Тәуелсіздік алған бұл елге, оң-солын тануға ең жақсы қасиетті сипат бола білді.

Сондықтан болар ел жанашырлары мен зиялы қауымдары төл тарихымыздың жоғалған беттерін жазуға, жариялауға белсенді бет бұрыстар жасап үлгерді. Бұл елбасымыз Қ.К.Тоқаевтың тарихи тұлғаларды кеңінен дәріптеу іс-шаралары мемлекет тарапынан қолдау да тапты. Арнайы тарихтың алып тұлғалары Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150жылдығы мен Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде өз деңгейінде аталып өтіліп жатыр.

Қазақтың арман-мұратын саналы түрде сезінуге ғасыр тұлғалары Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай Құнанбаевтың ілім-білімдері оқушыларымыздың тарихи тағылымын тереңдетуге жол ашпақ.

«Бәсекеге қабілетті қоғам орнатудың негізі – білімде» деп айқындап көрсеткендей, қорыта айтқанда оқушының мектеп қабырғасында алған тәрбиесі мен білімі, оған қызмет жасайтын дәрежеге жеткізуге ұмтылуымыз қажет. Еліміздегі оң өзгерістерді, әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, тәрбие мен білім егіз екендігін ескергеніміз абзал.